

Келес аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 5-60-VIII "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 11-91-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 21 ақпанда № 6463-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2025 жылғы 5 наурыздағы № 23-177-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 05.03.2025 № 23-177-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Келес аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Келес аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі №5-60-VIII "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6356-13 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуметтік көмек мынадай санаттағы азаматтарға мереке және атаулы күндері көрсетіледі:

1) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға - бір реттік 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 7 мамыр – Отан қорғаушы күні:

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі - КСР Одағы) үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-теніз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери

мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) - бір реттік 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға - бір реттік 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшетту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне - бір реттік 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне - бір реттік 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына - бір реттік 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 9 мамыр – Женіс күні:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне - бір реттік 327 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға - бір реттік 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

екінші дуниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға - бір реттік 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлері, екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) - бір реттік 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге - бір реттік 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына - бір реттік 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезенде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарға - бір реттік 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлеріне, "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға - бір реттік 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мерзімді басылымдарға жазылу үшін - Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарына, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, мүгедектігі бар адамдарға, жалғызлікті қарттарға - жарты жылдықта бір рет 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарына тұрғын үйін жөндеуге - бір реттік 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 1 қазан – халықаралық Қарттар құні:

үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған жалғызлікті қарттарға, арнаулы әлеуметтік күтімге алынған I-II топтағы мүгедектігі бар адамдарға - бір реттік 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы құні:

үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алғын мүмкіндігі шектеулі мүгедектігі бар балалар мен үйде оқытылып тәрбиеленетін мүмкіндігі шектеулі мүгедектігі бар балаларға - бір реттік 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысып, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ақталған тұлғаларға - бір реттік 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні:

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге - бір реттік 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынактар салдарынан мүгедектігі бар болған азаматтарға - бір реттік 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келес аудандық мәслихат төрағасы

H. Шаулиев